Әділет

# Облыстың әлеуметтік инфрақұрылымы және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шарлар жоспары туралы

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы N 3/10 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 30 наурызда N 2944 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыстың әлеуметтік инфрақұрылымы және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті Жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті 2006 жылдың 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық Мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы Б. Әділханов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

Павлодар облыстық мәслихатының
III сайланған X сессиясы
2005 жылғы 4 наурыздағы
"Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым
және сумен жабдықтау объектілері
құрылысын қаржыландырудың 2004-2006
жылдарға арналған бағдарламасын
іске асыру жөніндегі 2005 жылға

арналған іс-шаралар жоспары туралы"
N 3/10 шешіміне
қосымша

**Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

| N р/с | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімі | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Білім беру | | | | | | |
| 1 | Шарбақты ауданы Шалдай ауылында туберкулезбен ауырған балалар үшін санаторлық үлгідегі 220 орындық мектеп-интернаттың құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | Облыс білім департаменті | Жыл бойы | 539,5 | Республикалық бюджет қаражаты |
| 2 | Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылында 520 орындық мектептің құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы | Облыс білім департаменті | Жыл бойы | 100,0 | Республикалық бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдық есеп тапсыру | | | | қаража ты |
| 3 | Павлодар қаласы ауылдық аймағының Мойылды ауылында 100 орындық мектептің құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті не тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | Облыс білім департа менті | Жыл бойы | 50,0 | Респуб лика-лық бюджет қаража ты |
| **2. Денсаулық сақтау** | | | | | | |
| 4 | Ертіс ауданы Ертіс ауылындағы орталық аудандық аурухананың жанында 30 төсектік туберкулез бөлімшесінің құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті не тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | Облыс денсау лық сақтау департа менті | Жыл бойы | 180,0 | Респуб лика-лық бюджет қаража ты |
| 5 | Качиры ауданының қашыр ауылында 35 төсектік туберкулез ауруханасының құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті не тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы | Облыс денсау лық сақтау департа менті | Жыл бойы | 160,62 | Респуб лика-лық бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы жылдық есеп тапсыру | | | | қаражаты |
| 6 | Павлодар қаласының ауылдық аймағында Кенжекөл ауылдық дәрігерлік емхананың құрылысын салу | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | Облыс денсаулық сақтау департаменті | Жыл бойы | 25,0 | Облыстық бюджет қаражаты |
| **3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс** | | | | | | |
| 7 | Сумен жабдықтау объектілерін қайта құру, соның ішінде аудандар бойынша:<br><br>Ақсу қаласы (ауылдық аймақ)<br>Ертіс ауданы<br>Качиры ауданы<br>Успен ауданы<br>Ленин кенті (Павлодар қаласының ауылдық аймағы)<br>Мойылды ауылы (Павлодар қаласының ауылдық аймағы) | Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | Облыс сәулет, қала құры-лысы және құрылыс департаменті | Жыл бойы | 336,8<br><br>10,164<br>80,952<br>133,033<br>85,7<br>18,735<br><br>8,231 | Республика-лық бюджет қаражаты |
| 8 | Сумен жабдықтау объектілерін қайта құру, соның ішінде аудандар | Облыс экономика және бюджеттік | Облыс сәулет, қала құры- | Жыл бойы | 80,0<br><br>14,0 | Облыстық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша: Железин ауданы Качиры ауданы Павлодар ауданы Шарбақты ауданы | жоспарлау департаменті не тоқсан сайын есеп тапсыру Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру | лысы және құрылыс департаменті | | 30,0 23,4 12,6 | бюджет қаражаты |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК